

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Привольное ауылы аумағында орналасқан жер участкесі тұстамасындағы Қарасу өзенінің және оның оң жағалау саласының су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 наурыздағы № 67 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 наурызда № 5766 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстай мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Привольное ауылы аумағында орналасқан жер участкесі тұстамасындағы Қарасу өзенінің және оның оң жағалау саласының су қорғау аймақтары мен белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Привольное ауылы аумағында орналасқан жер участкесі тұстамасындағы Қарасу өзенінің және оның оң жағалау саласының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырысЫН.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
 - 4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының

әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

К. Баймагамбетов

2019 жылғы "11" наурыз

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2019 жылғы "11" наурыздағы

№ 67 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Привольное ауылы аумағында орналасқан жер участкесі тұстамасындағы Қарасу өзенінің және оның он жағалау саласының су қорғау аймақтары мен белдеулері

Су объектісі, оның участкесі	Су корғау аймағы			Су корғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7

Ұлан ауданындағы Привольное ауылы аумағында орналасқан жер участкесі тұстамасындағы Қарасу өзені (оң және сол жағалау)	13,55	468,83	110	11,76	39,96	35-
			-500			55
Ұлан ауданындағы Привольное ауылы аумағында орналасқан жер участкесі тұстамасындағы Қарасу өзені оң жағалау салалары (оң және сол жағалау)				8,28	25,24	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық күжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК